

The background image is a book cover with a blue and white color scheme. It features large, stylized Kazakh letters 'Б', 'Д', 'К', 'Ы', 'Н' and the Kazakh letter 'Ұ'. There is also a decorative element resembling a sun or a flower in the center. The text is overlaid on this background.

**«Оқушылардың
функционалдық
сауаттылығын
дамытудағы қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің маңызы»**

2015-2016 оқу жылы

*Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдерінің
аудандық семинары*

**«Оқушылардың функционалдық
сауаттылығын
дамытудағы қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің маңызы»**

Баяндамашы:

Осакаровка к. № 12 ОМ

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:

П.О. Бекенова

Өткізілген орын: Осакаровка к. № 9 гимназиясы

2015-2016 оқу жылы



Баяндаманың мақсаты:

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру механизмін зерделеу арқылы оқытудың озық технологияларын тиімді пайдаланып, сапалы білім беру және өмірге бейім тұлға қалыптастыру.

Функционалдық сауаттылықтың өзектілігі:

**Функционалдық
сауаттылықты қалыптастыру-
заман талабына сай өскелең
ұрпақтың өмірге бейімділігі,
халықаралық стандарт
деңгейінде сапалы білім мен
тәрбие алуының негізгі құралы**

Функционалдық сауаттылықтың міндеттері

- ▶ **Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау;**
- ▶ **Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың отандық және халықаралық практикасын зерттеу;**
- ▶ **Білім сапасын арттыру үшін қолданылатын жаңаша әдіс-тәсілдерді меңгеру, игеру;**

**Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы
бағдары 2011-2020 жылының мемлекеттік
бағдарламасында айқын көрсетілген.**

**ҚР Үкіметінің 2012 жылы 25 маусымда №832
Қаулысымен оқушылардың функционалдық
сауаттылықтарын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға
арналған 5 жылдық Ұлттық іс-қимыл жоспары
бекітілген.**

**Ұлттық жоспардың мақсаты - Қазақстанда білім
сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық
сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-
шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету
болып табылады.**

**Функционалдық сауаттылық дегеніміз
- адамның сыртқы ортамен қарым -
қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға
барынша тез бейімделе алуы мен қарым-
қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші,
оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып
табылады.**

Функционалдық сауаттылықты дамыту механизмдері:

1. Оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту;
2. Оқыту нысандары мен әдістері;
3. Оқыту нәтижелерінің бағалау жүйесін өзгерту;
4. Қосымша біліммен және мектептен тыс сабақтармен қамту;
5. Мектепті басқару моделі;
6. Барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
7. Ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету;

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың деңгейіне талдау

S (күшті)

- Алған білімін өмірде қолдана біледі;
- бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасады;
- халықаралық стандартқа сай;
- ақпаратты көп алады;
- озық технологияларды қолданады;
- өмір бойы оқу;

W(әлсіз)

- материалдық техникалық базаның жетіспеушілігі;
- функционалдық сауаттылықты қалыптастыру туралы әдістемеліктердің аздығы;
- мұғалімдердің меңгере алмауына байланысты практикада қолдана алмауы;
- болашақта экономикаға әсері (егер сапалы білім берілмесе);

O (қолайлы мүмкіндіктер)

- Қызығушылықтарының артуы;
- білімін жетілдіреді;

T(қауіп)

- бәсекелестікке сай болмауы;

Функционалдық сауаттылықтың сипаттамалық белгілері

Оқушылардың сыртқы
ортамен қарым-қатынас жасау
қабілеті



Оқушылардың жеке бас
қабілеттерін дамытудың тетігі



Оқушылардың әлеуметтік
дағдыларын дамытудың негізі

Оқушылардың өзгермелі
өмірге бейімделудің шарты



Оқушылардың әлеуметтік –
мәдени дамуының өлшемі



Оқушылардың білім, білік,
дағдыларының
құзыреттілікке ұласу жолы

**Сауаттылықты
сапалы дамыту**

The diagram features a central orange hexagon on the left with the text 'Сауаттылықты сапалы дамыту'. Three purple arrows point from this hexagon to three stacked orange scroll-like boxes on the right. The top box contains text about using knowledge in education, the middle box about using modern technologies, and the bottom box about preparing students for life. A dark purple rectangular block is at the top left, and a pink rectangular block is at the top right.

*Білім алудағы
қажеттіліктерді
күнделікті сабақта
қолдану*

*Сапалы оқыту,
оқытудың озық
технологияларын тиімді
пайдалану жолдарын
меңгеру*

*Зияткер, рухани, адами
тұрғысында дамыған,
әлемдегі әлеуметтік
өмірге бейімдеу*

Функционалдық сауаттылықты оқыту негіздері

*Сын
тұрғысынан
ойлау*

Кең дүниетаным

*Ойлау
туралы
ойлану*

**Тұлғаның өзіндік
дамуы**

**Өзіндік пікір
қалыптасу**

**Жаңалыққа жаны
құмар**

*Рефлексивтік
оқыту*

Бірлесе үйрену


**Бірлескен топтық
жұмыс**

**Коммуникативтік
дағды**



Түйін

- Баланы таңқалдыруды ұмытпа, даналыққа ұмтылу
- таң қалудан басталады.



**Көрсеткіш
өздігінен нәтиже
бермейді,**

**оған жететін жолды
іздестіру мұғалімнің
қолында.**

«Күн шуағы» тапсырмасы

(Блум таксономиясы)

Ы. Алтынсариннің «Өнер - білім бар жұрттар» өлеңін талдау



	Оқу тапсырмасы
Білу	Ы. Алтынсарин туралы не білетініңді күн шуағына жаз. Өлеңді мәнерлеп оқып шығыңдар.
Түсіну	Сарай не арба сөздеріне сипаттаманы күн шуағына жазыңдар.
Қолдану	Қазіргі уақыттағы көлік түрлерін күн шуағына жазыңдар.
Талдау	«Айшылық алыс жерлер; көзді ашып жұмғанша» тұрақты сөз тіркесімен сөйлем құраңдар.
Жинақтау	Өнер, білім жайлы мақал жазыңдар.
Бағалау	Өлеңді қазіргі өмірмен салыстырыңдар, дәлелдендер.

Мейірімді бала

Қытай жұртында ескі заң бар, біреуді алдағандығы мойнына түскен кісінің қолын кесе-тұғын. Бір төре осындай іспен күнәлі болып, әлгі айтылған жазаны беруге тұрғанда, күнәлі төренің жас қыз баласы әкем үшін жауап беремін деп, мәлім болды. Қызды патшаға алып келісті. Тақсыр, патшам, – деді қыз, – менің әкем жазаға лайық болғаны рас, соның үшін қолынан айрылуы керек болды, мінекей, тақсыр, әкемнің қолы, – деп өзінің қолын көтерді. – Бұл қол да менің жазықты болған атамның қолы, бірақ мұнымен бала-шағаларын асырауға шамасы келмейді. Бұйырыңыз, тақсыр, осы нашар қолын кесіп, жұмысқа жарап, бала-шағаларын асырайтын қолын атама қалдыруға. Патша баланың мұнша атасына мейірімділігіне рақымы келіп, төренің күнәсін кешті дейді.

Ы. Алтынсарин

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер

- ▶ 1. Қыздың әкесі қандай адам?
- ▶ Қыздың ақылдылығын неден байқадыңдар?
- ▶ Неге қызға патшаның рақымы түсті?
- ▶ Мейірімділік дегенді қалай түсінесіңдер?

Келесі тапсырма.

Төмендегі сөздерді қолданып, сөз тіркестерін жасаңдар,.Өздерің білетін сөздерді қосыңдар.



**Назарларыңызға
рахмет**